

Ясиын ҚҰМАРҰЛЫ

## ТҮРКІ КӨШПЕЛІЛЕРІНІҢ ТАҢ-СОҢ ДӘУІРІНДЕГІ ҚЫТАЙ ӘДЕБИЕТІНЕ ЖАСАҒАН ӘСЕРІ

*В статье автор говорит о влиянии северных тюркоязычных народов на китайскую литературу эпохи Тан-Сон, о возникновении знаменитых сказаний, о развитии, содержании, о жанровых особенностях и о влиянии Сона на все общество того времени. Из этого можно заметить, как обстояли дела на фоне культуры и литературы северных тюркских кочевников.*

*Makale yazarı, Kuzeyindeki Türk halklarının Tan-Son devrindeki Çin edebiyatına yapmış olduğu etki üzerinde durur, tanınmış Son jırlarının ortaya çıkışı, gelişme süreci, anlam ve şekil özellikleri ile o dönemin topluma yapmış olduğu etki söz konusu olur. Bundan Tan-Son devrindeki kuzey göçebe Türklerinin edebiyatı ile sanatının hangi seviyede olduğunu görmek mümkündür.*

Евразия көшпелілері мәдениетінің байырғы қытай мәдениетін қалыптастырған ең басты қайнарлардың бірі екендігі белгілі. Ал осының ішіндегі тіпті де көрнекті орында тұратыны – терістік көшпелілері әдебиетінің байырғы қытай әдебиетінің қалыптасуына жасаған рөлі. Тіпті, белгілі мағынадан тұтас байырғы заман қытай әдебиетінің әр кезеңі терістік көшпенділерінің әдеби әсері негізінде қалыптасып отырған десек артық айтқан болмаймыз.

Бұл туралы қытай әдебиеттанушы ғалымдарының бірі: «Біздің батыс өңір әдебиетінің ықпалына қаратылған танымымыз тым кенже жатыр. Батыс өңір мен Қытайдың кіндік жазығының әдебиет байланысы ең бері болғанда «тау-теңіз шежіресі» замандарынан (б.з.б. 476ж. – б.з.б. 221ж.) басталған. Одан кейінгі ең көрнекті құбылыстардың бірі: әр түрлі дін батыс өңір арқылы кіндік жазыққа енгенде, қиял-ғажайып аңыздарын ала келді. Бұл қиял-ғажайып ертегілерінің көбі батыс өңірден өрбіген, ол Қытайдың орта жазығына енгеннен кейін, оның әдебиетіне, музыкасына, биіне және басқа көркемөнеріне терең әсер жасады» деп, Таң-Соң замандарынан 1–2 мың жыл арыда жатқан шежіреден бұрынғы қытай әдебиетінің күйін жазса [1], келесі бірі, тұтас қытай әдебиеті мен терістік көшпелілерінің арғы заман әдебиетінің байланысын: «Егінші ұлттар мен көшпелі ұлттар тайталасқан тарихи тілдік ортадағы терістік ұлттарының әдебиеті, тұтас қытай әдебиетінің бітім-болмысына, өміршеңдік қуатына және тарихи тағдырына терең әсер етті» деп суреттейді [2].

Қытай әдебиетіндегі терістік көшпелілерінің іздері ең алдымен Қытайдың тым арғы заманғы ұлан-асыр байырғы тарихи аңыздары мен мифологияларынан көрініс берсе, осыдан бастау алған кейінгі қытай әдебиетінің өн бойынан терістік көшпелілері әдебиетінің иісі аңқып, таңбасы

менмұндалайды. Бұндай әсердің әр дәуірдегі болмысын зерттеп-зерделесек өз алдына кесек-кесек тақырып болары белгілі. Біз бұлардың ішінен қытай әдебиетінде аса бір тың бұрылыс және таңғажайып өрлеу туылған Таң-Соң династиялары дәуіріндегі (б.з. 618ж. – б.з.1279ж.) Терістік көшпелілерінің қытай әдебиетіне жасаған әсерінің кей тұстарын ғана сөз етеміз.

Қытай тарихында, Хан (б.з.б. 206ж. - б.з. 220ж.), Жин (б.з. 265ж. - б.з.420ж.) патшалықтарынан кейінгі батыс терістік көшпенділері мәдениетінің Қытай мәдениетіне зор әсер жасаған тұсы Таң-Соң патшалықтары дәуірі (б.з. 618ж. - б.з.1279ж.) болды. Таң патшалығы заманында (б.з. 618ж. - б.з. 907ж.) Чаң-ан қаласы патшалықтың астанасы болып қалмай, дүниеге аты әйгілі аса зор мәдениет, сауда және дін орталығы болды. Чаң-ан мен Ло-янда бір мезет адамдардың киім-кешек, ішіп-жем, жүріс-тұрыстарына дейін батыс терістікке еліктеу болды. Бұл ақын Юан жыңныңның өлеңі «Жарғыда»: «Шаңдатып кірген соң құдың [3] жасағы, Чаң-ан мен Ло-янды жүн мен ет иісі тұмшалады, әйел заты қуға тиіп, қуша жасанды, қуша ән әуендеп, күй таралды», – деп жазғанындай еді. Бұл кезде киім-кешек, ішіп-жем, ән-күй, билер түгелдей сырткі жақсы сезілді. Қолынан келгендер қуша киініп, қуша ішіп-жеп, қу шарабын ішіп, қуша сауық-сайран салды. Ақын өлеңдерінде қулар туралы шумақтар жазылды. Таң дәуірінің ақыны Жаң-ку «Ақтанау кері» деген өлеңінде: «Қу аруының шарапжайына, алыстан жеткен ақтанау керімен. Үзіліп суға түскен шамгүліндей, қалқып барады жігіт көңілі еріген» деп толғаса, Ли бай: «Қу арудың келбеті гүл, күлкісі самал. Самалдай күліп, жібекке оранған денесі бұрала биге басады, бүгін мас болмай оралармын ба, аман-сау!» деп жазады. Ли-бай қу шарапханасының үнемілік қонағы болады. Ол өлеңі «Ақтанау керіде»: «Күміс ерлі ақтанау керімен, жасыл дала, мамық көпшік үстінде. Себезгі жауып, самал есіп, гүл төгілгенде, қамшы басып жетемін қу аруының шарапжайына» десе, «Жастық сапарда»: «У-лин шығыс базардан жігіт келеді (五陵年少金东市), күміс ерлі ақбозбен самалдатып (银鞍白马度春风). Гүл төгіліп барады қайда десем (落花踏尽游何处), жайнап кірді қу арудың шарапжайына (笑入胡姬酒肆中)» деп жыр төгеді (Ескерту: бұл мақаладағы қазақшаланған өлеңдер ақындық аударма емес, тек мазмұнды білдіруді мақсат еткен).

Таң-Соң патшалықтары тұсындағы (б.з. 618ж. – б.з.1279ж.) қытай ақындарының өлеңдерінің терістікке соқпайтыны, терістіктің жағырапиялық, қоғамдық және мәдениеттік әсер-ықпалына ұшырамағандары жоқ дерлік. Мысалы Таң дәуірінің әйгілі ақыны Дуфудың (杜甫) 1400 шумақтан астам өлеңінің 180 шумағы терістікпен байланысты [4]. Бұлардан басқа жоғарыда

айтылғандай, Бай жүй йі (白居易), Ли-бай (李白) сияқты Таң дәуірі ақындарының өлеңдері терістік көшпелілерінің өмір елестерінен бір адым да ажырамайды деп айтуымызға болады. Бұлардың ішіндегі бір бөлім ақындардың терістіктегі түркі көшпелілерімен байланысты екендігі де мәлім. Ли-байды көптеген әдебиеттанушы ғалымдар терістіктегі түркі көшпелілерінің ұрпағы деп санайды. Қытай энциклопедиясында Балқаштың оңтүстігіндегі Чу өзенінің бойында туылған Ли-байдың өзі туралы: арғы аталарының Қытайдың Гансу жерінен болып, кезінде ата-бабаларының Орта Азиядағы Ыстықкөл маңына жер аударылғандығын, одан жас кезінде әкесіне еріп Қытайдың Сы-чуан жеріне қоныс аударғандығын жазғандығы айтылады [5]. Ал, Бай жүй йі (白居易) күсән (龟兹) (тарымның терістігіндегі байырғы түркі тілді халық) мен қытайлардың аралас тұқымы [6].

Таң дәуірі – орта жазық әдебиетінің ең бір толықсып-жетілген кезі. Осы кездегі жылқы жыры, шарап жыры, дала жыры, махаббат жыры сияқтылардың барлығында терістік көшпелілерінің иісі аңқиды. Қытай әдебиет тарихын зерттеуші ғалымдар Таң өлеңдерін далалық өлеңдер және ішкергі өңірдегі бау-бақша, атыз-арық өлеңдері сияқты екі зор топқа ажыратылады. Десе де, Таң өлеңдерінің негізгі ағымын терістік даласындағы алысумен өткен өмір өлеңдері қалыптастырғандығы белгілі.

Қытайда Ли-бай (李白), Бай жүй-йілер (白居易) уәкілдік еткен Таң байттерінен (唐诗) кейінгі «Соң жырларында» (宋词) терістік көшпелілеріне байланысты туындылардың тіпті де молыққандығы байқалады.

Хан дәуірінде (б.з.б. 33 ж) хән еліне бағынған ғұн тәңірқұты Хуғанше тәңірқұтқа Хән Юанди (汉元帝) патша Жау-жүн (昭君) ханымшаны ұзатады. Терістік Соң дәуірінің (б.з. 1127ж. - б.з.1279ж.) әйгілі саясаткері, ақын Уаң-ан-шының (王安石) осы туралы «Миң ханымша әні» (明妃曲) атты жыр жазады. Оның жай мазмұны мынадай:

Миң ханымша қуларға ұзатылды (明妃初嫁与胡儿),  
 Киіз үйлі жүз арба түгел қу аруы (毡车百辆皆胡姬).  
 Жанында шерді ақтарар жан жоқ мүлде (含情欲说独无处),  
 Пипа үнімен мұндасып сыр шертісер (传与琵琶心自知).  
 Қолдағы алтын білезік сыңғыр қағып (黄金捍拨春风手),  
 Аспанда аққу, араққа шалқыған қу (弹看飞鸿劝胡酒).  
 Күтуші қыз жасырып жасын төксе (汉宫侍女暗垂泪),  
 Қарай беред артына аттанған жан (沙上行人却回首).  
 Қу мейірі хандардан күшті ме екен (汉恩自浅胡自深),  
 Өмір көркі - көңілдің қосылуы (人生乐在相知心).  
 Бейбақ қабір жапанда жерге айналып (可怜青冢已芜没),

Қайғы күйі бүгінге қала берді (尚有哀弦留至今)».

Хан дәуіріндегі осы оқиғаны одан мың жылдан кейін жырға қосқан Уаң-ан-шының (王安石) жыр жолдарындағы: «Қу мейірі хандардан күшті ме екен (汉恩自浅胡自深), өмір көркі - көңілдің қосылуы (人生乐在相知心)» деген жыр жолдарын кейінгі қытай әдебиеттанушы ғалымдарының бір бөлімі ақынның идеясындағы қуларға берілу кінәраты деп таныса, ал бір бөлімі ол тар мағынадағы жұбайлық байланысты меңзеген деп қарайды. Бұл туралы мақаланың соңында тағы да баяндалады.

Қытай әдебиетіне терістік көшпелілері мәдениетінің ең зор әсер еткен мезгілі таң дәуірінен соң дәуірінің соңғы мезгілдеріне дейін (б.з. 618ж. – б.з.1279ж.). Бұлардың ішіндегі «Қонағасы күйіне» (燕乐) [7] ілесіп Сүй-Таң (隋唐: б.з. 581ж. – б.з.618ж.) мезгілінде қалыптасқан жырдың (词) Қытай орта жазық әдебиетіне жасаған ықпалы ерекше күшті болған. Ол Соң дәуірінде (б.з. 960ж. – б.з.1127ж.) толық қалыптасып, толысып шарықтау шегіне жетті. Соң дәуірінің соңында қайта әлсіреп, моңғұлдардың Юан дәуірінде (б.з. 1206ж. – б.з.1368ж.) құлдырап, Миң дәуірінде (1368–1644) жойылды.

Арғы-бергі қытай оқымыстылары жырға (词) қыруар анықтамаларды береді. Бұлардың ішінде: музыкалы әдебиет (是一种音乐文学), ырғақты жыр (曲子词), халықтық әдебиет немесе қара өлең (是一种俗文学), халық жыры (词者诗余也), қонағасы күйіне қосылып айтылатын жыр (词是配合燕乐的歌词), қонағасы күйі (词即燕乐) сияқты алуан түрлі анықтама бар.

Алайда, бұлардың барлығынан қытай әдебиет тарихындағы жырдың (词) ән ырғағымен айтылатын өлең сөз екендігін білеміз. Бұл қазақтың қисса, терме және басқа тұрмыс-салт жырлары сияқтыларына сәйкес келеді.

Жыр (词) Соң дәуірінің жырларына қаратылған есім болғанымен, ол оңтүстік-терістік патшалықтар дәуірінде (б.з.420ж. – б.з.589ж.) пайда бола бастап, Таң дәуірінің орта мезгілінен кейін шынайы мағынасындағы әдеби жанрға (文体) айналды. Таң (唐) және Бес патшалық (五代) дәуірінде көбінде «ән» (曲, 杂曲, 曲子词) деп аталды. Соң дәуірінде «жыр» (词) аталып, өзінің шарықтау шегіне жетті.

«Жыр» (词) мен «бәйттің» (诗), яғни, «таң бәйттері» (唐诗) мен «соң жырларының» (宋词) айырмашылығы, «жыр» ең алғаш Сүй (隋) дәуірінде (б.з. 581ж. – б.з.618ж.) пайда бола бастаған жұрт арасындағы (оқымыстылар емес) туынды болғанымен, Таң дәуіріне келгенде бұған оқымыстылар да қызыға бастаған. Сонымен алғашқы «жыр» (词) - бәйт (诗), «бәйт» - жыр болған. «Жыршылық» (词家) пен «ақындық» (诗人) бір адамның бойынан табылған. Осы мағынадан алғанда, «жырды» «бәйттің» (诗) заман талабына

сай өзгерген, түлеген түрі деп айтуға да болады. Ди бай(李白), Бай жүй-иілер (白居易) сияқты таң ақындары әрі ақиық ақындар, әрі майталман жыршылар екендігі белгілі.

Жырдың (词) төркіні туралы да баяндар көп. Мысалы, «жыр қулардан келіп шыққан» (词出自于胡夷里巷) [8] «Көне Таңнамада»: «Кайюаннан (717-жылдан) бастап әншілер қулардың күйін аралас пайдаланатын болды» делінеді [8]. Бұл арадағы «қулардың күйі» деген «қонағасы күйін» көрсетеді.

«Жыр» (词) «қонағасы күйі» немесе «дастарқан күйі» (燕乐) негізінде құралған. Ал, «қонағасы күйі» (燕乐) Сүй-таң мезгілінде қалыптасқан. Оның бұрынғы орданың «қасиетті күйлерінен» (雅乐) айырмашылығы – терістік көшпелілерінің ұлттық күйін барынша қабылдаған.

Ертеде Қытайда жыр түгелдей ырғақпен айтылатын болған. Кейде, жыр ырғаққа сәйкестендірілген; кейде, ырғақ жырға сәйкестендірілген. Жыр әуенінің (词牌) аты әдетте жырдың мазмұнына сай аталатын болған. Кейін жыр ырғаққа сәйкестендіріліп, жырдың аты мен ырғақтың аты қатыссыз болған. Оның үстіне көп санды жыр күй аспабынсыз-ақ ырғақпен айтыла беретін болған. Бұл Қытайдағы соң жырларының қазақтағы қара өлең, терме сияқтыларға ұқсайтындығын аңғартады. Онда белгілі ырғаққа да, өлең тексіне де қатып-семіп қалмайды. Ырғаққа тыңнан өлең құрап айта беруге болады.

Қытай ғалымдары «жыр» (词) сынды осы бір тың әдебиет-көркемөнерлік жанрдың тым қысқа уақыт ішінде жедел қалыптасып, қаулап өсіп, бір дәуірдің өкілдік сипатты әдебиетіне айналуы адамды қайран қалдырады, бұл жырдың (词) бойында жай бәйттен (诗) асып түсетін көркемөнерлік артықшылық, яғни ерекше көркемөнерлік рухтың болғандығында деп қарайды. Іс жүзінде, бұндай тұйықсыз пайда болып, тез жетілуі, оның орта жазықта терістік көшпелілерінің «қонағасы күйіне» ілесіп тыңнан тұйықсыз пайда болуы емес, қайта орта жазықта терістік көшпелілерінің «қонағасы күйімен» бірге жетілген, қалыптасқан күйінде енуі екендігінен болса керек. Осындай жаңаша рухпен тез жетілген жыр (词) сынды әдебиет-көркемөнерлік жанрдың жарыққа шығуы байырғы классикалық әдебиеттегі өлеңдік әдебиеттің (诗文) қалыпты жалғасу жүлгесін бұзып, қытай әдебиетінің даму бағытын өзгертті деп жазады қытай мамандары [10]. Бұрынғы дәстүрлі қытай әдебиеті орда әдебиеті негізіндегі әдебиет болған. Ал, жыр мен «қонағасы күйі» халықтық түс алған. Жыр (词) мен жазба бәйттің (诗) айырмашылығы, жоғарыда айтылғандай, «қонағасы күйі» мен «қасиетті күйлердің» (雅乐) парқына ұқсайды. «Қонағасы күйі» мен орданың «қасиетті күйлерінің» (雅乐) парқы – «қонағасы күйі» «қасиетті күйлерге» (雅乐) қарағанда батыс

терістіктің ән-күйін барынша қабылдаған. «Қонағасы күйіне» ілесіп пайда болған жыр (詞) ел арасында, шарапжайларда пайда болып, қалыптасқан. Ол жазба бәйттей (詩文) «қатаң», «салауатты», «әсемделген» әдебиет емес. Алайда, жазба бәйттегі (詩文) айтылмыш «кісілік жосын», дәстүрлі «қоғамдық қатынас өлшемі» дегендердің шырмауын бұзып, адамның шынайы жан сезімін жалаңаштап көрсетіп бере алады. Міне бұл жырдағы әсемдік еді. Қытайдың дәстүрлі әдебиетіндегі көркемдік «дәстүршілдік» болса, ал жырдағы көркемдік «шынайылық» еді.

Жырда (詞) мұң-зар, арман-тілек, сағыныш-сарғаю, махаббат мұңы, өмірдің, тағдырдың, жаратылыстың қатыгездігі, жалғандығы, алданышы көбірек баяндалады. Оның көркемөнерлік рухы адамдық жол-жосындағы қақтығысты тазартуды көркемдік үлгі етуден бейнеленеді. Бұл да дала әдебиетінің, әсіресе байырғы қазақ ауыз әдебиетінің ерекшелігі.

Қытай байырғы әдебиетіне көз жібергенде, одан әдебиет пен күйдегі (ырғақтағы) қою байланысты аңғаруға болады. Күйдегі әр реткі даму, өзгеру әдебиетке ықпал жасаған, оны түлетіп отырған. Хан дәуірінен кейінгі әдебиеттегі әр реткі бұрылыстың, түлеудің себебі түгелдей күйдегі жаңғырудан болған.

Миң патшалығы (б.з. 1368ж. – б.з.1644ж.) кезіндегі Уаң-шы-жын (王世贞): «үш жүз бәйттен» кейін «өлең шығару» (騷賦) болды, «өлең шығару» орда күйіне енгеннен кейін «көне орда күйі» болды; «көне орда күйі» салтқа үйлеспегендіктен «таң өлеңі» (絕句) орда күйі етілді; «таң өлеңінде» икем аз болғандықтан «жыр» (詞) пайда болды; «жыр» (詞) терістіктіктердің құлағына жақпағандықтан, «терістік күйі» пайда болды, «терістік күйі» оңтүстіктіктердің көңілінен шықпағандықтан «оңтүстік күйі» пайда болды деп жазады.

Жыр (詞) қашан қалыптасқандығы туралы әліге дейін бірлікке келген көзқарас жоқ. Біркыдыру мамандар жырды (詞) «қонағасы күйіне» (燕乐) ілесіп сүй-таң мезгілінде (б.з. 581ж. – б.з.618ж.) (581–907) қалыптасқан деп қарайды. «Жалпы жарғыда»: «Таң уынды (唐文德) патшаның алғашқы кезінде, қонағасы күйі Сүй патшалығы кезіндегідей (隋: 581–618) тоғыз бөлім болды. Олар бірінші, қонағасы күйі, екінші, чиң-шаң (清商) күйі, үшінші, ши-лияң (西凉) күйі, төртінші, фу-нан (扶南) күйі, бесінші, корей (高丽) күйі, алтыншы күсән (龟兹) күйі, жетінші, бұхара (安国) күйі, сегізінші, шәлік (疏勒) күйі, тоғызыншы, қаңлы (康国) күйі болған. Таңтайзоң заманына жеткенде оған кужу немесе идихұт (高昌) күйі қосылып он бөлім болды» делінген [11]. Орта жазықтың жерлік күйі чиң-шаң (清商) күйі мен батыс терістіктегі (көшпелі) ұлттардың күйінің тоғысуынан қалыптасқан бұндай

«қонағасы күйі» Кайюаннан (713-жылдан) кейін тіпті де шарықтау шегіне жетті. Демек, хан-уи замандарынан (б.з.б. 206ж. – б.з. 265ж.) бергі Қытайдың дәстүрлі негізгі ағымдағы чиң-шаң (清商) күйі болған да, Сүй-Таң мезгілінде (б.з. 581ж. – б.з.618ж.) батыс терістіктегі аз ұлттардың (көшпелілердің) күйі арт-артынан орта жазыққа еніп, бір мезеттік сіңісу, сұрыпталудан кейін, бір түрлі тың музыка жүйесі – «қонағасы күйі» қалыптаса бастады. «Қонағасы күйінің» жалпыласуы әдебиетті түлетті. Сонымен «қонағасы күйіне» үйлесетін бір түрлі ырғақты жанр (韵文) жарыққа шықты. Бұл соңында жырдың (词) пайда болуын келтіріп шығарды. Жырдың (词) терістік көшпелілерінің ән-күйінің орта жазыққа енуімен бірге пайда болуы тегін емес еді. Бұл оның терістік көшпелілерінде бұрыннан бар екендігін, терістік ән-күйімен бірге орта жазыққа келгендігін аңғартады.

Жыр (词) Қытайдың орта жазық көркемөнерін орда көркемөнерінен халықтық көркемөнерге қарай ойыстырды. Соң дәуірінің оқымыстысы Чын иү (陈郁): «... Екі жүз жылдан бері халық әндері дәурендеді, ақсүйек, оқымысты, қала бұқарасы, әнші бикештердің барлығы жырдың (词) әсемдігіне сүйсініп келді» деп жазады [12]. Бұдан, орта жазықта ақсүйек, оқымыстылардан қала қарашаларына дейін түгелдей жырға (词) құмартқандығын байқауға болады. Қытай жазба деректерінде: «Таңғұттан (西夏) ордаға оралған мәнсаптының, ол жерде елі бар, суы бар жердің барлығында ән айтылып, жыр жырланатындығын айтқандығы жазылады [13]. Терістік Соң дәуіріндегі (б.з. 960ж. – б.з.1127ж.) 167 жылда орта жазық (Қытай) әулеті өз тізгінін өзі қолына алғанымен, алайда, Қытайдың маңызды қорғаныс желісі саналатын Ян-иүн (燕云) қытандардың (契丹) қолында, Хыши коридоры таңғұттардың қолында болды. Демек Хыши дәлізіндегі 西夏лардан орта жазыққа оралған терістік Соң патшалығының мәнсаптысы 西夏дағы елді мекендердің барлығында жыр (词) жырланатындығын айтады. Бұл жырдың (词) орта жазықта терістік көшпелілерінің ән-күйі енгеннен кейін тұйықсыз пайда болған емес, қайта батыс терістікте бұрыннан бар екендігін аңғартады.

Әдебиетті, әсіресе, ерте заман әдебиетін жалаң көркем сөздің тізбесі деп қарау дұрыс емес. Белгілі мағынадан алғанда әуен, қимыл-әрекет, күй-би сияқты бейнелеу өнерлері де әдебиет қазынасын байытушы басты факторлар екені шындық. Әдеби туынды ерте замандарда өз қабылдаушысына тек қара сөз және жазу үлгісімен ғана таралғанда, онда, оның туғызар ықпалы, халыққа берер әсері, даму, гүлдену жағдайы, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып таралуы, басты рухани азыққа және ағымға айналуы сияқтылардың барлығы кемелді жүзеге асуы мүмкін емес еді. Әдебиеттегі поэзия жанрының пайда

болуы тіптен жазба әдебиеттен емес, бүкілдей ән айту, ие мен кие шақыру, жын қуалау, аруаққа жалбарыну сияқты көңіл-күй, жан-сезім, арман-тілекті жай үлгіден басқаша көркемдік, тылсымдық, терең сезімдік, таңғажайып түстік үлгіде бейнелеуден келгені белгілі. Кейінгі қазақ фольклорының жағдайына қарағанда, ерте заманда терістіктегі түркі көшпелілерінде қазіргідей ырғақсыз оқылатын «өлең» деген болмаған. Өлеңнің қай түрі болсын ырғақпен айтылады. Сондықтан қазақта «ән айту» деген сөз көбінде «өлең айту» делінеді. Жарапазан айту, бәдік айту, терме айту, қисса айту, көріс айту, жоқтау айту дегендердің барлығы ырғақпен айтылады. Кейін мүмкін болғанда домбыра немесе қобыз күйі қосылады. Сондықтан ертеден қазақ ауыз әдебиетінің жаратушысы, орындаушысы, тыңдарманы және таратушысы бір тұлға болған. Бірінсіз енді бірі өмір сүре алмаған. Міне соң жырларында (宋词) да осы қасиет болған. Оның жаратушысы, орындаушысы әрі таратушысы, тыңдарманы үш жақ ұштасқан, бұның бірі кем болса да болмайтын болған. Қытайда кейін жырдың жоғалу себебінің бірі де осы заңдылықтың бұзылғандығынан болар. Қазақтың ақындар айтысынан тартып, түрлі тұрмыс-салт жырларының барлығында осындай қасиеттің барлығы белгілі. Бұларда да осы қатынас бұзылса жоғалуға бет алары даусыз.

Қытайда жазу ерте қалыптасқанымен, қытай жазуын құраушы иероглифтердің саны мыңдаған-он мыңдаған таңбадан құралатындықтан, жалпы халық сауатты бола алмаған. Оның үстіне, ол замандағы қытай жазуы қазіргідей салыстырмалы қарапайым, арнаға түсірілген емес еді. Иероглифтердің жазылуы күрделі, кейде бір иероглифтің бірнеше түрлі жазылу үлгісі (варианты) жолғады. Сондықтан, қытайлардың ішінде хат танитын сауатты адамдар тым некен-саяқ болған. Ол кезде, жазба әдебиет негізінен ақсүйектер үшін қызмет еткен, ақсүйектердің әдебиеті болған. Халық әдеби жасампаздық үлгісінен ауыз әдебиеті, түрлі өнер көрсету (ән салу, би билеу, күй тарту, ертегі айту, күлдіргі ойнау, қисса жаттау, ойын көрсету, т.б.) және басқа да тікелей формалар арқылы сусындап, қабылдап және оған мұрагерлік етуге, таратуға зәру болған. Қытайда ерте заманда қисса айту (өлеңдетіп айту) әдеті болмаған. Уаңчиң (王青) мырза бұған: «Көшіп жүруге үйлесетін мәдениет ортасы жоқ, жанына ала жүріп шертетін күй аспабы тапқырланбаған, тілінде тон (дыбыс ырғағы) бар» болғандықтан деп үш түрлі себеп айтады [14]. Міне, сондықтан да терістік көшпелілерінің ән, күй, би және басқа да өнер көрсету үлгілерімен ұштастырылған әдебиет жасампаздығы Қытайдың орта жазығындағы халықтардың әдебиет жасампаздық барыстарына молынан қабылданып, тез таралып, кең көлемді қоғамдық өнім берді. Ол орта жазық әдебиет-көркемөнерінің халықтық түс



алуына тамаша шарт-жағдай жаратты.

Көшпелілердің дала дәстүрінің Батыс Азиялық исламияттық дәстүр мен қиыр шығыстық тағылымшылдық дәстүрінен бөлекшелігі – онда еркіндік пен коммуналдық рухтың басымдылығы екендігі кімге болса да аян.

Байырғы Қиыр Шығыстық қала-қыстақты елдердің дәстүрінде болсын, әлде, Орта, Батыс Азияның исламияттық дәстүрлерінде болсын, адамды әуелі құдіретті күштің, онан соң биліктің жетегінде болуға баулиды. Онда бағыну, табыну шартсыз, шексіз; еркіндік шартты, шекті болды. Ал, дала дәстүрінде құдіретті күшке табыну, оған қарсы келмеу дәріптелгенімен, адамға, билікке табыну шартты, шекті болды. Бұндай еркіндік рух далалық көшпелілердің тұрмыс-салтында ғана емес, мінез-құлқында, психикасында, көзқарасында мықтап орын тепті. Мысалы, қазақ ақындар айтысы мен шежіре-шешендігі дәл осындай азат ой, еркін идеаның туындысы еді.

Қоғамдық теңдіктегі ендігі бір тақырып – ер-әйелдің теңдігі екендігі белгілі. Тарихта аналық қауымдық қоғам аталық қауымдық қоғамға орын бергеннен кейін, әйелдердің қоғамдағы, отбасындағы орны барған сайын құлдырады. Бұндай құбылыс көшпелілерге қарағанда қала-кент салып, егін өсірген отырықшы елдерде тіпті де ауыр болған. Көшпелілер қоғамдық тұрмыс пен рухани өмірде байырғы қалпын біршама жақсы сақтаған. Көшпелілер әдебиетіндегі қазақ ақындар айтысы осының ең бір жанды мысалы. Қазақтың арғы ата-бабалары – байырғы терістік көшпенділері далалық еркін ой, азат идея, ер-әйел теңдігі болғандықтан ғана ақындар айтысын туындата алған. Жалпы қарағанда көшпелілердегі ер-әйел теңдігі мен хан-қараша теңдігі барлық ортада, барлық формада жүзеге аса бермейді. Ол салыстырмалы болады. Бұндай теңдік көбінде шежіре-шешендік, ақындар айтысы сияқты үлгіде көрініс береді. Басқалай жай сөз, әрекет арқылы көрініс берген «теңдік» екінің бірінде моралсыздыққа, жүгенсіздікке, білімсіздікке апарып соғып отырады. Бұл да көшпелілердің әдебиетке жасаған ең зор құрметі мен табынуы еді. Ол көшпелілерде жолсыз жерден әдебиет арқылы жол табуға, бұзуға болмайтын дәстүрді әдебиет арқылы аттауға болады, тек әдебиетте ғана шек жоқ, әдебиетте ғана еркіндік бар дегендік еді. Міне бұл көшпелілерде әдебиеттің орнын өсіріп, абройын асырды.

Байырғы көшпелілер әдебиетіндегі бір ерекшелік – ақындар мен шешендер елдің ханынан тартып қарашасына дейін аямай поэзияның сын тезіне салып, жақсылығын мадақтап, жамандығын бетіне баса алатындығында. Міне бұл көшпелілер ауыз әдебиетіндегі хан мен қарашаның теңдігі еді. Сонау Хан дәуірінде (б.з.б. 206ж - б.з. 220ж), терістік көшпелілері Ғұнға ұзатылған хән елінің ханшасы Жоңғаз Юенің көшпелілер туралы

айтқан: «Олардың жол-жосыны жұпыны, еркін халық. Оны орындау да оңай. Хан мен қарашаның аралығындағы жоралғы да тым қарапайым. Оларда ел билеу мен адам тірлігі бір тұлға болып кеткен» деген баянынан [15] Хан дәуіріндегі көшпелілердің жағдайын аңғаруға болады. Жоңғаз Юеңің баяндағаны көшпелілердің, терістік көшпелілерінің нағыз суреті еді. Тарихта отырықшы елде хан жарлығы, хан заңы негізіндегі орда идеологиясы барлығынан жоғары тұрды. Халық өз идеясын соған бағындырды. Сол бойынша өмір сүрді. Оған қарсы келмеді. Қытайда ел басқарудың далалық жолы осыдан үш мың жылдың арғы жағындағы Шаң дәуірінде (б.з.б. XVII ғ. – б.з.б. XI ғ.) аяқталып, Шаңнан кейін патшалық құрған Жоулар (б.з.б. XI ғ. – б.з.б. 256 ж.) елді «Жоу жоралғылары» арқылы басқара бастаған. Далалық мәдениеттен әлі де толық арыла қоймаған Шаңдардың соңғы дәуірлерінің өзінде де сол дәуірдегі ең басты мәдени-идеологиялық құбылыс – бақсы ойнау, жауырын күйдіріп бал ашу сияқтылар орданың меңгеруіне өте бастаған.

Ал көшпелілерде жағдай басқаша. Жоңғаз Юе айтқанындай «жол-жосыны жұпыны, еркін, хан мен қараша аралығындағы жоралғы қарапайым. Ел билеу мен адам тірлігі бір тұлғаланған» еді. Онда ханды негіз еткен орда идеологиясынан халықтық идеология жоғары тұрды. Идеологиялық жақтан хан орда халыққа жетекшілік етпеді, қайта халық ханға жетекшілік етті. Халық ханның жарлығынан емес, хан халықтың пікірінен қорықты. Халық ханды жаратпаса оны «ханталақ» етті. Сондықтан да байырғы заманда «қазақтың еншісінде еркіндік бар, иілтмес қылышпенен ханға басы», «ел шетіне еркелеп ақын келсе, орнынан хан да түсіп тағын берген» деген жағдай жарыққа шыққан. Қазақтың хандарынан тартып, билеріне, тіпті, байларына дейін ақын-жырау, шежіре-шешендерді сыйлай білген, олардан қорыққан, сөгісіне қалмауға тырысқан. Ел шетіне ақын келсе, асты-үстіне түсіп күтетін, ат мінгізіп, тон кигізіп, аузын жабатын болған. Айтыс, шежіре-шешендік халықты тәрбиелеудің, ұйыстырудың, ел ішіндегі жүгенсіздікті шектеудің, әділетсіздікті шенеудің құралы етілген. Қарашаның өмірінен ханның ұстанған жолына дейін ақын-жырау, шежіре-шешендердің сын тезіне түсіп, сыналып отырған. Бұны халық құшақ жая қарсы алған. Хан да, би де, бай да, қараша да өзіне айна еткен. Одан сабақ алған. Оны халықтың сый-сияпаты, бағасы деп білген. Одан жасқанған.

Оның үстіне далалықтардың рухани қажетін қандырып, сусынын басатын ең басты көркемөнерлік құрал, рухани азық та дәл осы ақындар мен шежіре-шешендердің аузынан шығатын маржан сөздер болған. Олардың от ауыз, орақ тілінен шыққан жалынды сөз, жағымды теңеулер айтылған

жерінде ұмыт болып қалмай, сол жазу-сызудан кенде «қараңғы» заманда «надан» халықтың көкейіне ұялап, көкірегіне жатталып, лезде бүкіл сахараға жайылатын. Ауыздан-ауызға таралып, ұрпақтан-ұрпаққа ұласып, ғасырдан-ғасырға тозбай жететін. Бұл көшпелілердегі ақындықтың, шежіре-шешендіктің өміршеңдігін асырды. Үзілмей жалғасуына дем берді. Көшпелілер шежіре-шешендігіндегі хан мен қарашаның теңдігін сақтайды.

Ан лушан, Шы сымиң топалаңынан (安史之乱: б.з.755 жылдан) кейін таң империясы шарықтаудан құлдырауға бет алды. Таң патшалығының соңы мен Бес патшалық дәуірінде (б.з. 907ж. - б.з.960ж.) орта жазық әулеті ішкі аласапыран мен сыртқы килігудің ортасында қалды. Тіпті, бөлшектену, қантөгістік күйге кіріштар болды. Тағылымшылдық идеясы арқау болған дәстүрлі сана-сезім бұрынғы бұғауды бұзып, түрлі тың идеалар бас көтеріп, адамдар санасында еркіндік ұшқыны пайда болды. Дәстүрлі ақылақ-мораль көзқарасы мен құн көзқарасы ыдырап, дәстүрлі мәдениет психикасы босаңсып, «ұлттың мәдениет рухында» ыдырау туылды. Жырдың (词) көркемөнерлік рухы дәл осындай ыдырау үстіндегі мәдениет рухының бейнеленуі еді.

Қытайдың байырғы салттық мәдениетінде, тағылымшылардың «ақсүйектер мен қарашалардың, әке мен баланың, аға мен інінің, ері мен әйелінің және достардың» бес түрлі салттық қатынасы арқау болған еді. Ақсүйектерге қарашалардың адалдығы, әкеге баланың адалдығы, ағаға інінің адалдығы, еріне әйелінің адалдығы сынды «адалдық» санасы байырғы рухани мәдениетте ең алдыңғы орында тұрды. Ал, ақсүйектерге қарашалардың адалдығы осы бес салттың ұйытқысы болды. Ол байырғы заман адамдары үшін аттауға болмайтын салт қана емес, қайта, адам санасына әбден сіңген заңды дағды еді. Таң дәуірінің орта және соңғы мезгілдерінде осындай «адалдық» әлсірей бастады. Таңшүнзюаннан (唐顺宗: б.з.762 жылдан) кейін теңдессіз мәртебелі патшалардың көбі мазаққа айналды, құлатылды, тіпті, кейбірі өлтірілді. Патшалық биліктің теңдессіздігіне шүбә түсті. Осы кезде озық ойлы әдебиет адамдары дәстүрді бұзып, патшалық билікті сын тезіне ала бастады. Әдебиет тағылымшылықтан, құлданушылықтан бусап шығып, патшалық биліктің жаршысы болудан халықтың мұңдасы болуға қарай ойысты. «Бес түрлі қатынасқа» шырмалу дәстүрін бұзып, халықтың өз рухани жан дүниесін – алғысы мен қарғысын, махаббаты мен кегін, қуанышы мен қайғысын, арман-тілегін еркін бейнелеуге ұмтылды. Міне, жыр (词) осындай ыдырау, бұрылыс жасау дәуірінде пайда болды. Өз тарихи борышын арқалады. Халыққа рухани азық бағыштады. Шамшырақ болды. Бұл дәл дала мәдениетінің қасиеті еді.

Осы дәуірлерде, тұтас Жоу патшалығынан (б.з.б.11ғ-дан) бері жалғасып келе жатқан ордаға, әкімиятқа, үстемдікке, жоғары жік ақсүйектеріне шартсыз, шексіз табыну мен бойұсынуға шүбә келтіру, оларға қарсы идея-көзқарас білдіру құбылысы байқала бастады. Бұны қытай ғалымдары дәстүрлі мәдениет рухының ыдырауынан болған деп жазады [16]. Жоғарыда біз ауызға алған Уаң-ан-шының (王安石) жыр жолдарындағы: «Қу мейірі хандардан күшті ме екен (汉恩自浅胡自深), өмір көркі - көңілдің қосылуы (人生乐在相知心)» деген жыр жолдарын, Қытайдың ішінара әдебиеттанушы ғалымдары ақынның идеясындағы хуларға берілу кінәраты деп тануының себебі де осы болар. Демек, Жоу патшалығынан (б.з.б.ХІ ғ. – б.з.б.256ж.) бергі Қытай тарихында болмаған ел билігі мен ел билеушілеріне қарсы нысайдың пайда болуы тегін емес еді. Іс жүзінде бұндай еркіндік идея мен азат ойдың туылуы жоғарыдағы мамандар көрсеткен Таң патшалығының ішкі жағындағы қоғамдық даму, өзгеру жағдайынан туындаған ғана емес, сонымен бірге терістіктегі көшпелілердің дала әні, дала күйі, дала мәдениетімен бірге орта жазыққа енген дала идеологиясының, дала демократиясының ұшқыны да шарпыған еді. Бұл сол дәуірдегі орта жазық әдебиетінің орда әдебиетінен халықтық әдебиетке, орданың жаршысы, жыршысы болудан халықтың жаршысы, жыршысы болуға бет алғандығының белгісі болатын. Арғы заман орта жазық әдебиеті негізінен жазу-сызуды негіз еткен орда ақсүйектерінің әдебиеті болған. Халықтық әдебиет барынша шектеуге, шырмауға ұшыраған. Халықтық әдебиет пен орда әдебиетінің арасы барынша алшақтаған. Ал, көшпелілерде жазу-сызуды негіз еткен орда әдебиеті болмағанымен, дамыған халықтық ауыз әдебиет болған. Өлеңмен туылып, өлеңмен өлетін осы халық, туғанын өлеңмен қарсы алып, өлгенін өлеңмен ұзатқан. Қуанышын да, қайғысын да, алғысын да, қарғысын да, арманын да, дәрменін де өлеңмен өрнектеген. Қалам-қағазсыз-ақ аузын ашса, сөз маржаны лағылдап төгілген. Жазуды ең бұрын пайдаланған, жазба мәдениетке ең алдымен көшкен ірі өркениет ошақтарында да бұндай әдеби алым, бұндай әдеби дарын болған емес. Міне бұл дала тудырған дарын, дала күшінің арыны. Далалық өмір болмайынша бұндай далалық поэзияның, далалық еркін ой, азат идеяның болуы да мүмкін емес еді.

Тағылымшылдық идеясы Қытайдың арғы заманғы тұтас феодалдық дәуірінде үстем орынды иеледі. Алайда, Сүй-Таң дәуірлері (隋唐: 581 – 907) бір ғана тағылымшылдық идеясы үстемдік еткен дәуір болған жоқ. Бұл дәуірде тағылымшылдық (儒), буддизм (释), даужияуизм (道) тең өркен жайды. Сонымен бір уақытта басқа ағымдағылар да тең өмір сүрді. Бұл қытай тарихында сирек кездесетін идеялық жақтағы еркіндік пен ашықтық дәуірі

болды. Тіпті, ақлақ-мораль көзқарасы жағында да Таң дәуірінен басқаша бейне жарыққа шықты. «Кері кеткен» моралсыз қылық Таң дәуірінде патша ордасының іші-сыртында аңызға айнала бастады. Бұны кейбіреулер, қу (терістіктегі түркі халықтары) мәдениетінің әсерінен қытай ұлтының ұлттық танымының әлсіреуі деп те қарайды.

Батыс терістік мәдениеті мен әдебиетінің Қытайдың орта жазығына жасаған ықпалы ұзақ уақыттық болғанымен, алайда, оның қоры белгілі көлемге жеткен заман сапа өзгерісін тудырып, қытай әдебиетінің бұрынғы даму бағытын өзгертіп, оған жаңа бет-бейне бағыштап отырды. Бұған да жырдың (詞) пайда болуы мен оның қытай әдебиетіне жасаған әсері жанды дәлел бола алады [17]. Демек, осындай зор бұрылыс әкелген жыр (詞) терістік көшпелілерінің «қонағасы күйінің» орта жазыққа енуімен бірге пайда болды. Сонымен бірге ол көшпелілер әдебиетінің мынадай ерекшеліктерін орта жазыққа ала келді:

1. Жай өленді көшпелілердің мақамындағы ән-күй ырғағымен бірілестірді. Жаратушы, орындаушы, тыңдарман, таратушы бірі-бірінен айырыла алмайтын «жыр» жанрын пайда қылды.

2. Әдебиетті орданың, ақсүйектердің, санаулы оқымыстының әдебиеті болудан, көз игіліктенетін халықтық әдебиетке бет алдырды.

3. Хандықты, асылзадаларды және олар өкілдік еткен жоғары жік қоғамды жырлау, олардың асылзадалығын, елден еректігін мадақтаудан халықтың ішкі жан сезімін, рухани көңіл-күйін, арман-тілегін бейнелеуге ойысу.

4. Тағылымшылардың әдебиетте «ақсүйектер мен қарашалардың, әке мен баланың, аға мен інінің, ер мен әйелдің және достардың» бес түрлі салттық қатынасты баяндаудан аспау дейтін дәстүрлі салтын бұзып, махаббатты, жекенің ішкі жан сезімін, т.б. тақырыптарды арқау еткен тың туындылар көптеп жарыққа шықты.

5. Әдебиетті оқымыстылардың хандықты, патша және орда ақсүйектерін, басқа да асылзадаларды мадақтайтын қаруы егуден, шындыққа жүгінетін, жақсыны мадақтап, жаманды мінейтін, ханды да, қарашаны да сын тезіне ала алатын орынға шығарды.

6. Қытай әдебиетінде мазмұн, жанр, үлгі, т.б. жақтардан дәстүрлі үлгіге ұқсамайтын тың өріс ашты.

7. Қытайдың әдебиетіне ғана емес ән-күй өнеріне де бұрылыс ала келді.

8. Әдебиет көркемөнердің жасампаздық жолын байытты. Оны еркін кеңістікке алып шықты.

Әрине, Таң-Соң жырлары (唐宋词) ғана емес, одан бұрынғы Сүй-Таң

кезіндегі (б.з. 581ж. – б.з.618ж.) «шекара бәйттері» (边塞诗) де терістіктің кең-байтақ қатігез жаратылыстық ортасының, терістік көшпелілерінің ержүрек, қайсар, қайтпас далалық табиғатынан сусындаған. Ол Жин дәуіріндегі (б.з. 265ж. – б.з.420ж.) сұлу сөз, әсем тіркесті, Чин-хан дәуірінің (б.з.б. 221ж.–б.з. 220ж.) жай баяндық өлең жолдарымен көрнекті салыстырма қалыптастырып, терістік әсеріндегі өзіндік көркемөнерлік күдіретін қалыптастырған.

Қытай оқымыстылары Жаң жыңчаң (张振昌) мен Қу шули (胡淑莉) «Көшпелілер мәдениетінің жырдың (词) пайда болуындағы әсері» атты мақаласында, мәдениеттегі «қуға берілудің» (түркілерге еліктеудің) «Соң жырлары» мен қытай мәдениетіне жасаған әсерін ерекше бағалайды: «Қытай мәдениеті көшпелілердің әуесі мен талабына сай дамыса болғаны, бір түрлі тың, өміршеңдік күшке ие әдебиет жанры пайда болып отырды. Бұл қытай әдебиетінің дамуындағы негізгі бір заңдылық. Жырдың (词) пайда болуы дәл осындай заңдылықтың типтік беинеленуі», «Терістік Соңнан (б.з. 960 жылдан) бергі, тіпті, Сүй-Таң замандарындағы (б.з. 581ж.–б.з.618ж.) қулардың ән-күйінің енуі және оның орта жазық ән-күйін жаңғыртуы болмағанда, жырдың (词) ырғағы да алуан түрлі болмас еді, жыр да (词) туылмаған болар еді» деп жазады [18]. Біздің жоғарыда жырды (词) біршама егжей-тегжейлі таныстыруымыздың себебі, Қытайдың орта жазығындағы әдебиетке және ән, күй, би сияқты басқа да көркемөнерлік арналарға, сондай-ақ орта жазық адамдарының қоғамдық, жаратылыстық таным және идея-көзқарастарына терістік көшпелілерінің әдебиетінің қаншалық әсер-ықпал әкелгендігін аңғартуды көздейді. Іс жүзінде терістік көшпелілерінің Қытайдың орта жазық әдебиетіне жасаған ықпалы бұдан да жан-жақтылы. Жоғарыда ауызға алынғандай, ол ән-билі театр (歌舞剧), жажүй театры (杂剧), еркін әуен (散曲) сияқтылардың барлығының қалыптасуына, кемелденуіне себеп және түрткі болды. Бұлардың барлығы терістік көшпелілерімен байланысты өнерлер. Тіпті, терістік көшпелілерінен келген еркін әуеннің (散曲) рөлі мен әсері жыр (词) мен қонағасы күйінен де (燕乐) артық болған. Жажүй театры (杂剧) мен еркін әуен (散曲) ұштасып, кейінгі моңғұлдардың Юан дәуірінде өзінен бұрынғы әйгілі «Чу өлеңі» (楚辞), «Таң бәйттері» (唐诗), «Соң жырлары» (宋词) сияқтылармен тең тұратын «Юан әндері» (元曲) пайда болғаны мәлім.

Қазірге дейін біздің қолымызда арғы замандардан ауыз әдебиеті үлгісінде жалғасып келген әдеби туындылар мен Таң дәуіріндегі терістіктегі түркілердің мәңгі тастарға қашап жазған түркі батырлық шежірелерінен басқа арнаулы жазба әдеби туынды мен ән-күй ырғағы жоқ дерлік. Ал сол түркі

тастардағы жазбаларды жыр жолдары деп қараушылар да, жай қара сөзбен жазылған шежіре тексті деп қараушылар да бар екені белгілі.

Ендеше, біз сол дәуірдегі әдебиетіміз бен ән-күй және күй аспаптарымызды қалай түсінеміз. Әрине оның кей дерегін жоғарыда баяндалғандай, сол дәуірдегі түркі әдебиеті мен өнерінің Қытайдың орта жазық әдебиетіне, өнеріне жасаған әсерінен іздейміз. Осыларға терең бойламай тұрып, Таң-Соң дәуіріндегі (б.з. 618ж - б.з.1279ж) қытай әдебиеті мен түркі көшпелілерінің әдебиетін, олардың арасындағы байланысты түсінуге, Ли-байдай, Бай-жүй-идей ұлы ақындарды тудырған заманды, олардың әдеби өмірі мен жасампаздық жолдарын, өлең өрнектеріндегі дарқан даланың бояуларын сезінуге болмайды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Лиу-жын-уй: «Батыс өңір мифологиясын зерттеудің жағдайы және маңызы» (қытайша: 西域神话研究之现状及其意义), Батыс өңірді тану журналы, 2006, №1, 102-б.

2. Яң-иі: «Қытай әдебиет тарихының қаритасын қайта сызу қажет — Яң-иі мақалалар жинағы» (қытайша: 重绘中国文学地图——杨义学术讲演集), Қытай қоғамдық ғылымдар баспасы, 2003, 89б.

3. Қу (胡) – б.з.б. терістік көшпенділерінің жалпы аталуы болса, ал түркілердің дәуірінде түркілерге қаратылған. Осы мақаладағы қуларда, Уаң-ан-шының (王安石) «Миң ханымша әні» (明妃曲) атты жырындағы «қу» кезіндегі ғұндарды көрсетеді, ал қалған текстердегілері түгелдей батыс терістіктегі түркі халықтарын меңзейді.

4. 聂巧平: «论杜甫的和亲诗», 西域研究, 2003年第3期.

5. «辞» «Сөз теңізі», 上海辞书出版社, 2007年第十二次印刷, 991页.

6. 薛宗正: «边塞诗风西域魂—古代西部诗揽胜» 新疆青少年出版社, 2003年. 53-бет.

7. «Дастарқан күйі» немесе «Қонағасы күйі» (燕乐) Сүй-Таң мезгілінде қалыптасқан. Оның бұрынғы орданың «қасиетті күйлерімен» (雅乐) парқы – терістік көшпелілерінің ұлттық күйін барынша қабылдаған, халықтық түс алған.

8. 龙建国: «宋词与转播», 百花洲文艺出版社, 2004年, 第11页.

9. «Көне Таңнама – күй шежіресінде» (旧唐书·音乐志).

10. 龙建国: «唐宋词与转播», 百花洲文艺出版社, 2004年, 第1页.

11. «Жалпы жарғы» (通典) 114-шыыршығында.

12. 宋·陈郁 «藏一话腴», «宋诗话全编» 本.

13. 宋·叶梦得 «避暑录话» 卷下, «笔记小说大观».

14. 青: «西域文化影响下的中古小说», 中国社会科学出版社, 2006年.
15. «Тарихнама – ғұндар баяны».
16. 龙建国: «唐宋词与传播», 白花洲文艺出版社, 2004年.
17. 青: «西域文化影响下的中古小说», 中国社会科学出版社, 2006年, 第96页.
18. «Көшпелілер мәдениетінің жырдың (词) пайда болуындағы әсері» 载《长春大学学报》2002年第6期.

REZUME

Y. Kumarulu (Urumzhi)

THE EFFECT OF TURKIC NOMADES ON CHINESE LITERATURE OF TANG-  
SONG EPOCH

The author describes the influence of Turkic speaking people on Chinese Literature of Tang-Song epoch, the formation of famous song poetry, its development, content, genre peculiarities and influence on the society of that time. It can be noticed the literature and art of Turkic nomades in Tang-Song epoch.